



Еуропалық Комиссия

МӘЛІМДЕМЕ

Брюссель, 19 тамыз 2014 ж.

**ЕО комиссары Кристалина Георгиеваның
2014 жылы «Дүниежүзілік гуманитарлық көмек күні»
жөніндегі мәлімдемесі**

Дүниежүзілік гуманитарлық көмек күні 2003 жылы Бағдатта БҰҰ штаб-пәтеріне шабуыл жасау нәтижесінде Ирактағы БҰҰ Арнайы өкілі Сержиу Виейра ди Меллумен қоса алғанда қаза тапқан 22 адамды еске алуға арналған.

Халықаралық ынтымақтастық, гуманитарлық көмек және дағдарыстық ден қою мәселелері жөніндегі Еуропалық комиссар Кристалина Георгиева қазір Иракта, мұнда Еуропалық Комиссия шиеленіс әрекеттерінің құрбандары болған жүз мыңдаған азаматтық тұлғаларды өмірлік маңызды қолдаумен қамтамасыз етуде. Ол келесі мәлімдеме жасады:

"Дүниежүзілік гуманитарлық көмек күні бүкіл әлем бойынша соғыс және табиғи апаттардың құрбандарына көмектесу жолында күнделікті өз өміріне қауіп төндіретін адамдардың еңбегін лайықты бағалауға бағытталған және біз жиі кездестіріп тұратын гуманитарлық қатерлерге баса назар аударуға мүмкіндік болып табылады.

Мұнда, Иракта, бұл қатерлер аса қатты сезіледі. Жүз мыңдаған адамдар көмекке айрықша мұқтаж. Бірақ жағдайдың шиеленісуімен оларды шешу қиындап барады. Бұдан былай бұл гуманитарлық қызметкерлердің осындағы, сондай-ақ басқа жердегі әдеттегі күнделікті жұмысы емес.

Шиеленістер санының өсуі мен сипатының динамикасы біздің әлемімізді одан сайын тұрақсыздандыруда. Таяу Шығыста біз зорлықтың түршігерлік деңгейін бақылаудамыз, онда жазықсыз азаматтық адамдардың қауіп-қасіретінің шегі жоқ. Бүкіл Африка бойынша, батыстағы Малиден шығыстағы Сомалиге дейін, Солтүстік Нигерия, Орталық Африка Республикасы және Оңтүстік Суданды қоса алғанда, көбінесе этникалық және діни өшпенділік салдарынан күшейген шиеленіс белдеуі ішінде қысылған миллиондаған азаматтық адамдар бар. Осал балаларға, әйелдер мен қарт адамдарға көмек пен қолдау көрсету күннен күнге қиындап барады.

Аталған қатерлер гуманитарлық қызметкерлердің мақсатын орындау жолындағы жұмысына одан да қатты қауіп төндіреді. Оларға жасалған шабуылдар саны 2003 жылдан бастап төрт есе өсті. Былтыр шамамен он екі гуманитарлық қызметкер қаза тауып, ай сайын оннан астамы ұрланды. Апта сайын үшеуіне шабуыл жасалды және жараланды.

Байланыс:

[David Sharrock](#) (+32 2 296 89 09)

[Irina Novakova](#) (+32 2 295 75 17)

Жалпы желі: **Europe Direct** тел.: **00 800 6 7 8 9 10 11** немесе [e-mail](#)

Климаттың өзгеруі, Сахель сияқты жерлерде халық санының тез көбеюі және экстремизмнің өсуі салдарынан, біз шиеленістер, ашаршылық пен өз үйлері мен тіршілігін тастап кетуге мәжбүр адамдар санының одан да ұлғаюының куәгері боламыз.

Біз айрықша осал әлем жағдайында тұрамыз, сондықтан соғыстар мен апаттар құрбандары үшін, сондай-ақ оларға көмектесу мақсатында өз өміріне қауіп төндіретін батыл әйелдер мен еркектер үшін жиі кездесетін қатерлерге көп назар аударуға тиістіміз».

Қосымша ақпарат бойынша:

[МЕМО/14/500](#): Дүниежүзілік гуманитарлық көмек күні 2014: гуманитарлық қызметкерлерге қатысты зорлықтың өсуі

Еуропалық Комиссия Гуманитарлық көмек және азаматтық қорғау департаментінің вебсайты (ЕCHO):

http://ec.europa.eu/echo/index_en.htm

Халықаралық ынтымақтастық, гуманитарлық көмек және дағдарыстық ден қою мәселелері жөніндегі Еуропалық комиссар Кристалина Георгиеваның вебсайты:

http://ec.europa.eu/commission_2010-2014/georgieva/index_en.htm